18/1-215  31.08.2026

**БЕКІТЕМІН**
**«ОҚМА» АҚ ректоры**
**Ж.С.Сейтжанова**
**2026 ж.**

# ПӘНДЕРДІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІН ӘЗІРЛЕУ ЕРЕЖЕСІ

**Е 270-2026**

| Күні | Көшірме | Басылым |
|---|---|---|
| | | Оныншы |

**Шымкент**

**1. «ОҚМА» АҚ** Оқу - әдістемелік орталығы **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.**

**2. «ОҚМА» АҚ** Әдістемелік Кеңесінің шешімімен **КЕЛІСІЛДІ.**

3. **«ОҚМА» АҚ** Сапа жөніндегі Кеңесінің шешімімен **БЕКІТІЛДІ.**

**Тексеру кезеңділігі -** 3 жыл

# МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| 1. | НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР................................................................ | 4 |
| 2. | БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ...................................................... | 6 |
| 3. | ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР ..................................................... | 7 |
| 4. | ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР ........................................................................... | 10 |
| 5. | ЖОО-ның АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРЫНДА ПОӘК ӘЗІРЛЕУ МЕН ОРНАЛАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ ТАЛАПТАР..................... | 10 |
| 6. | ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН (СИЛЛАБУС) Д АЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ҚҰРЫЛЫМ МЕН ҰСЫНЫСТАР......................................... | 13 |
| 7. | ДӘРІС КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ............................................................ | 32 |
| 8. | БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫН ӘЗІРЛЕУ ҚҰРЫЛЫМЫ.............. | 33 |
| 9. | ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУ КАРТАСЫ...... | 34 |
| 10. | ЖАУАПКЕРШІЛІК ДЕҢГЕЙЛЕРІ ............................................................ | 34 |
| | А ҚОСЫМШАСЫ. ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ (СИЛЛАБУС) ҮЛГІСІ........................................................................... | 37 |
| | Б ҚОСЫМШАСЫ. ДӘРІС КЕШЕНІНІҢ ҮЛГІСІ....................................... | 40 |
| | В, В1, В2, В3 ҚОСЫМШАСЫ. БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ ..................................................................... | 41 |
| | Г ҚОСЫМШАСЫ ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНА (СИЛЛАБУС) ТОЛЫҚТЫРУЛАР МЕН ӨЗГЕРІСТЕР............................. | 45 |
| | Д ҚОСЫМШАСЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ПАЙДАЛАНУ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ........................................................................... | 46 |

# 1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже мынадай талаптарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII «Жасанды интеллект туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы (өзгерістермен және толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII ҚРЗ Цифрлық кодексі;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, 2023 жылғы 2 тамыздағы өзгерістермен және толықтыруларымен;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 24 мамырдағы № 86 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен және толықтыруларымен;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы, 2023 жылғы 20 ақпандағы № 66 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен және толықтыруларымен;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 10 қарашадағы № 164 «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № ҚР ДСМ-43 «Резидентура бағдарламаларының медициналық мамандықтар тізбесін бекіту туралы» және 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007

жылғы 29 қарашадағы № 583 «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (2023 жылғы 8 маусымдағы № 263 толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, 2023 жылғы 25 шілдедегі № 334 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен;

- - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, 2022 жылғы 1 тамыздағы өзгерістермен және толықтырулармен;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қазандағы № 590 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының даму бағдарламасын әзірлеу құрылымы мен қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, 2023 жылғы 1 тамыздағы № 375 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен;

- Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімінде жасанды интеллектіні қолдану жөніндегі ЖООаралық стандарт (2-басылым, өңделген және толықтырылған, ҚР ҒЖБМ РОӘК 2026 жылғы 25 маусымда ұсынған);

- ҚР СТ 4010-2025 (ISO/IEC 22989:2022) «Ақпараттық технологиялар. Жасанды интеллект. Жасанды интеллект тұжырымдамалары мен терминологиясы»;

- К 121-2023 Академиялық адалдық кодексі;

- Е 507-2026 «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды қолдану туралы ереже;

- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;

- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

- СТ 003-2024. Ұйымдастырушылық құжаттарды басқару;

- СТ 011-2024. Персоналды басқару стандарты;

-СТ 012-2024. Әкімшілік және басқарушылық персоналдың, оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

- СТ 023-2024. «Білім беру қызметінің сапасына ішкі қызмет көрсету стандарты АҚ «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы»

## 2 БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде мынадай қысқартулар мен белгілеулер қолданылды:

| | |
|---|---|
| АҚ | - Акционерлік қоғам, |
| «ОҚМА» | - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы», |
| ААЖ | - автоматтандырылған ақпараттық жүйе, |
| ӘК | - Әдістемелік кеңес, |
| ББ АК | - білім беру бағдарламаларының академиялық комитеті, |
| БП | - базалық пәндер, |
| ББ | - білім беру бағдарламасы, |
| БнП | - бейіндеуші пәндер, |
| БӨЖ | - білім алушылардың өзіндік жұмысы, |
| БӨҚ | - бақылау-өлшеу құралдары, |
| ЖООК | - жоғары оқу орны компоненті, |
| ЖБЕК | - Жоғары білім берудің Еуропалық кеңістігі, |
| ЖИ | - жасанды интеллект, |
| ЖБП | - жалпы білім беретін пәндер, |
| ЖОЖ | - жұмыс оқу жоспары, |
| ҚР ҒЖБМ | - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, |
| ҚР ДСМ | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, |
| ҚБТ | - қашықтықтан білім беру технологиялары, |
| ҚР СТ | - Қазақстан Республикасының стандарты, |
| МЖМБС | - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, |
| МК | - міндетті компонент, |
| ОН | - оқыту нәтижелері, |
| ОӘО | - оқу-әдістемелік орталық, |
| ПОҚ | - профессорлық-оқытушылық құрам, |
| ПОӘК | - пәндердің оқу-әдістемелік кешені, |
| СҚМБ | - сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімі, |
| ТК | - таңдау компоненті, |
| ҮИМБ | - үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру, |
| ҮОБ | - үлгілік оқу бағдарламасы, |
| ЦБР | - цифрлық білім беру ресурстары, |
| CBL | - клиникалық жағдай бойынша оқыту, |
| PBL | - проблемаға бағытталған оқыту, |

| | |
|---|---|
| RBL | - ғылыми бағытталған оқыту, |
| SBL | - симуляциялық технологияларға негізделген оқыту, |
| TBL | - командаға бағытталған оқыту, |
| PjBL | - жобаға бағытталған оқыту, |
| AI+X | - ЖИ-ді нақты кәсіби салада қолдану моделі, мұнда X даярлау бейінін білдіреді: педагогика, құқық, медицина және басқа салалар, |
| LLM | - үлкен тілдік модель (Large Language Model), |
| GenAI | - генеративті ЖИ, |
| NLP | - табиғи тілді өңдеу, |
| AI Literacy | - ЖИ сауаттылығы, |
| AI agent | - ЖИ агенті |
| RAG | - іздеумен толықтырылған генерация (Retrieval-Augmented Generation). |

## 3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құжатта келесідей анықтамалар мен терминдер қолданылды:

*Академиялық адалдық* — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

*Автоматтандырылған ақпараттық жүйе* (ААЖ) – ақпаратты сақтауға, беруге және өңдеуге байланысты қызметті автоматтандыруға арналған бағдарламалық-аппараттық құралдардың жиынтығы.

*Білім беру порталы* – ҚБТ бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-академиялық және оқу- әдістемелік ақпаратты қамтитын ақпараттық ресурстар мен интернет сервистерінің жүйелі ұйымдастырылған, өзара байланысты жиынтығы.

*Дескрипторлар* (descriptors (дескрипторлар)) – Дескрипторлар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін білім

алушылардың алған білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттерінің деңгейі мен көлемін оқыту нәтижелеріне, қалыптастырылған құзыреттер мен академиялық кредиттерге негізделген сипаттау.

*Жоғары оқу орны компоненті* (бұдан әрі - ЖООК) - білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ЖОО дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі.

*Құзыреттер* – оқыту процесінде алған білімді, іскерлік пен дағдыларды кәсіби қызметте қолдану қабілеті.

*Міндетті компонент* (бұдан әрі – МК) – МЖМБС белгілеген және білім алушылар міндетті түрде оқу бағдарламасы бойынша оқитын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі.

*Оқу жұмыс жоспары* (бұдан әрі -ОЖЖ) – ЖОО білім беру бағдарламасы мен білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде дербес әзірлейтін оқу құжаты.

*Таңдау компоненті* (бұдан әрі – ТК) – жоғары оқу орны ұсынатын, реквизиттерге дейінгі және реквизиттерден кейінгіні ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде білім алушылардың өз бетінше таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі.

*Оқыту нәтижелері* (бұдан әрі – ОН) – білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру бойынша алған, көрсеткен, қалыптастырылған құндылықтар мен қатынастарды бағалаумен расталған білім, білік, дағды көлемі.

*Қашықтықтан білім беру технологиялары* (ҚБТ) - Қашықтықтан білім беру технологиялары (ҚБТ) - бұл негізінен ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана отырып, білім алушы мен оқытушының жанама (қашықтықта) немесе толық жанама емес өзара іс-қимылында жүзеге асырылатын технологиялар.

*Цифрлық білім беру ресурстары* (бұдан әрі – ЦБР) – бұл интерактивтік нысанда оқытуды қамтамасыз ететін, оқытылатын пәндер және (немесе) модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалдық болмыс және интерактивтік модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары және өзге де цифрлық оқу материалдары.

*Кейстік технология* – оқу-әдістемелік материалдардың жиынтығын (кейстерін) қағаз, электрондық және өзге де тасымалдаушыларды жинақтауға және оларды өз бетінше зерделеу үшін білім алушыларға таратуға негізделген технология.

*AI-детектор* – ЖИ қолданылып жасалған контентті автоматты түрде анықтау жүйесі;

*AI + X* – ЖИ-ді нақты кәсіби салада қолдану моделі, мұнда X даярлау бейінін білдіреді: педагогика, құқық, медицина, экономика, инженерия, өнер,

гуманитарлық ғылымдар және басқа салалар;

*Үлкен тілдік модель (LLM)* – мәтіндік деректердің орасан көлемінде оқытылған жалпы мақсаттағы трансформер түрі;

*ЖИ галлюцинациясы* – генеративті модельдердің шындыққа ұқсас, бірақ іс жүзінде қате контент жасауға бейімділігі;

*Генеративті ЖИ (GenAI)* – табиғи тілдегі сұрауларға жауап ретінде мәтіндерді, суреттерді, бейнелерді, музыканы және бағдарламалық кодты автоматты түрде жасайтын технология;

*Табиғи тілді өңдеу (NLP)* – табиғи тілді түсіну және/немесе генерациялау негізінде ақпаратты өңдеу;

*Жасанды интеллект (ЖИ)* – адамға тән когнитивтік функцияларды имитациялау қабілеті, ол адамның зияткерлік қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз етеді;

*Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы* – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

*ЖИ сауаттылығы (AI Literacy)* – ЖИ технологияларын түсіну, сыни бағалау және әдепті пайдалану қабілеті;

*ЖИ агенті (AI agent)* – қоршаған ортаны қабылдап, мақсаттарға жету үшін автоматты түрде әрекет ететін объект;

*Промпт-инжиниринг* – нақты әрі сапалы нәтижелер алу мақсатында GenAI үшін кіріс деректерін қалыптастыру әдістері;

*Промпт-декларациялау* – материалдарды дайындау немесе сараптама жүргізу кезінде жасанды интеллект жүйелерін пайдалану фактісін, көлемі мен сипатын автордың (немесе сараптама/апелляциялық комиссия мүшесінің) ашық жариялауы және құжаттық тіркеуі міндетті рәсімі; ол кіріс сұраулардың (промпттардың) тізбесін ұсынуды және олардың түпкілікті нәтижедегі рөлін сипаттауды қамтиды;

*Іздеумен толықтырылған генерация (RAG — Retrieval-Augmented Generation)* – үлкен тілдік модельдердің шығару нәтижесін оңтайландырудың технологиялық әдісі, онда ЖИ агенті нақты, контекстке негізделген және фактологиялық тұрғыдан дұрыс жауап қалыптастыру үшін тексерілген сыртқы деректер көздеріне (нормативтік құқықтық актілерге, университеттің ішкі регламенттері мен білім базаларына) жүгінеді;

*Синтетикалық контент* – ЖИ жүйесі толығымен жасаған не оны пайдалану арқылы елеулі түрде өзгертілген мәтіндік, графикалық, дыбыстық, аудиовизуалды, бағдарламалық немесе өзге де контент.

## 4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Жасанды интеллект туралы», «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңдарына, ҚР Цифрлық кодексіне, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (ҚР МЖМБС), ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік құқықтық актілеріне, Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімінде жасанды интеллектіні қолдану жөніндегі ЖООаралық стандартқа (2026 ж.), «ОҚМА» АҚ Жарғысына, сондай-ақ «ОҚМА» АҚ сапа менеджменті жүйесі мен академиялық адалдық жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

Пәндердің оқу-әдістемелік кешенін (ПОӘК) әзірлеу туралы ереже «ОҚМА» АҚ сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) ішкі нормативтік құжаты болып табылады және бакалавриат, интернатура, магистратура, резидентура және докторантурада ПОӘК әзірлеу және құжаттау талаптары мен тәртібін айқындау мақсатында әзірленген.

Ережені ПОӘК әзірлеу және құжаттау процестеріне қатысатын «ОҚМА» АҚ барлық қызметкерлері орындау үшін міндетті.

Осы құжат сапа менеджменті жүйесіне тексерулер жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан басқа Тараптарға, сондай-ақ тұтынушы-серіктестерге (олардың талабы бойынша) «ОҚМА» АҚ бірінші басшысының рұқсатымен ұсынылуға жатпайды.

«ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

## 5 ЖОО-НЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРЫНДА ПОӘК ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ҚҰРЫЛЫМ МЕН ТАЛАПТАР

**5.1 Жоғары білім беру пәндеріне арналған ПОӘК құрылымы (бакалавриат) келесі құжаттардан тұрады:**

- пәннің жұмыс оқу бағдарламасы - Силлабус;

- дәріс кешені;
- бақылау-өлшеу құралдары;
- пәндерді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасы.

ЖБП циклінің пәндері үшін ОӘК-ге қосымша үлгілік оқу бағдарламасы кіреді.

**Интернатураға арналған ПОӘК құрылымы келесі құжаттардан тұрады:**

- пәннің жұмыс оқу бағдарламасы - Силлабус.
- бақылау-өлшеу құралдары
- пәндерді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасы.

**Магистратура, резидентура және докторантура ПОӘК құрылымы келесі құжаттардан тұрады:**

- пәннің жұмыс оқу бағдарламасы – Силлабус;
- бақылау-өлшеу құралдары;
- пәндерді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасы.

5.2 Жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларының барлық пәндері бойынша әзірленеді.

5.3 Силлабус осы пән бойынша оқу нәтижелеріне негізделген пәннің мазмұнын қысқаша ұсынады. Бүкіл білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері. Силлабус білім алушыларды пән мазмұнына, тапсырмаларды, бақылау нысандары мен әдістерін орындауға бағыттайды.

5.4 Дәріс кешенін әзірлеу кезінде оқытуды интерактивті нысанда (фотосуреттер, рентген суреттері, КТ (компьютерлік томография), МРТ (магниттік-резонанстық томография) қамтамасыз ететін, оқытылатын пәндер және/немесе модульдер бойынша дидактикалық материалдар болып табылатын цифрлық білім беру ресурстарын (ЦБР), дәрістердің бейнематериалдарын құру қажет.

Білім алушыларға арналған тапсырмаларда цифрлық контент – цифрлық оқу материалдарын ақпараттық толықтыру (мәтіндер, графиктер, кестелер, схемалар, мультимедиа және өзге де ақпараттық маңызы бар толықтыру) болуы тиіс.

5.5 Бақылау-өлшеу құралдары пәнді зерделеу, аралық бақылау жүргізу, аралық аттестаттау кезінде пайдаланылатын бағалау материалдарын білдіреді: тест тапсырмалары, ситуациялық міндеттер, тәжірибелік дағдыларды бағалауды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар және т. б.

5.6 Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу картасын білім беру бағдарламаларының әрбір пәні үшін кафедралармен бірлесіп кітапханалық-ақпараттық орталық (КАО) әзірлейді. Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасына енгізілген әдебиеттер силлабустың 11 «Оқу ресурстары» бөліміне енгізіледі. Әдебиеттерді таңдау кезінде басылым жылын,

өзектілігін, тиісті басылымда силлабус мазмұнының көрінісін және т.б. ескеру қажет. Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу картасында пәнді зерделеуге арналған әдебиет болмаған жағдайда, мұндай пән білім беру бағдарламасына енгізілмейді.

5.7 ПОӘК-ке жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын енгізу қағидаттары:

- реттелетін ашықтық пен айқындық қағидаты: «ОҚМА» АҚ генеративті ЖИ (GenAI) технологияларына тікелей тыйым салудан оларды білім беру процесіне жауапты, регламенттелген және әдепті кіріктіруге көшеді.

- педагогикалық мақсатқа сәйкестік қағидаты: ПОӘК-те ЖИ құралдарын қолдану нақты оқыту нәтижелеріне (ОН) қол жеткізу және білім алушылардың цифрлық әрі кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы негізделуге тиіс.

- адамның міндетті валидациясы қағидаты (Human-in-the-loop): кез келген ЖИ құралының нәтижесі (мәтіндік, графикалық, талдамалық) түпкілікті шешім болып табылмайды. Білім алушы мен оқытушы контентті сыни тексеру, фактчекинг және оның клиникалық/ғылыми дұрыстығы үшін дербес жауапты болады.

- деректер мен дәрігерлік құпияны қорғау қағидаты: ЖИ-мен жұмыс істеу кезінде пациенттердің дербес деректерін, дәрігерлік құпияны, құпия клиникалық жағдайларды, сондай-ақ академияның қызметтік ақпаратын енгізуге қатаң тыйым салынады.

5.8 ПОӘК-тің барлық элементтері (дәріс кешендерін, БӨҚ және т.б. қоса алғанда) ЖИ технологияларының мүмкіндіктері мен тәуекелдерін (ЖИ галлюцинациялары, академиялық плагиат, деректердің ығысуы) ескере отырып бейімделуге тиіс.

5.9 Білім алушылардың пән шеңберіндегі барлық жұмыс түрлерін орындау кезінде ЖИ пайдалануына тек промпт-декларациялау рәсімін (ЖИ пайдалану декларациясын толтыруды) сақтаған жағдайда ғана жол беріледі. Генеративті ЖИ нәтижелерін өзінің зияткерлік еңбегі ретінде тікелей ұсыну «ОҚМА» АҚ академиялық адалдық қағидаларын бұзу болып есептеледі.

5.10 Кафедралардың профессорлық-оқытушылық құрамы (ПОҚ) ПОӘК әзірлеу кезінде оқытушының ЖИ-құзыреттері шеңберін (UNESCO/ҚР ҒЖБМ) басшылыққа алуға және цифрлық сервистердің дамуын ескере отырып, әдістемелік материалдарды жыл сайын өзектендіруге міндетті.

5.11 Даярлаудың барлық деңгейлерінде ПОӘК пен пән силлабустарын әзірлеу, жаңарту және орналастыру кезінде «рұқсат етілген аймақтарды» (жасыл/рұқсат етіледі, сары/шарттармен және декларациялаумен рұқсат етіледі, қызыл/қатаң тыйым салынады) және жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын әдепті әрі жауапты пайдалану қағидаларын айқындау міндетті. ЖИ-ді әдепті пайдалану саясаты және ЖИ пайдалану декларациясының

нысаны силлабус пен пәннің оқу-әдістемелік материалдарының міндетті элементтері болып табылады. ЖИ-ді пайдалану регламенті мен қағидаларын көрсетпей ПОӘК-ті академияның электрондық білім беру ресурстарына орналастыруға жол берілмейді және ПОӘК-тің белгіленген сапа талаптарына сәйкессіздігі ретінде бағаланады.

5.12 Осы Ережеге сәйкес әзірленген және рәсімделген ПОӘК түпнұсқалары осы пәнді оқытуды қамтамасыз ететін кафедраларда болады.

5.13 ПОӘК ағымдағы оқу жылының мамыр-маусым айларында бекітіледі.Бекітілген, сканерленген ПОӘК жаңа оқу жылының 25-тамызына дейін «ОҚМА» АҚ сайтына орналастырылуы тиіс.

5.14 ПОӘК рәсімдеуге қойылатын талаптар А, Б, В, В1, В2, В3, Г,Д қосымшаларында берілген.

## 6 ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН (СИЛЛАБУС) ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ҚҰРЫЛЫМ МЕН ҰСЫНЫСТАР

Силлабус оқу жұмыс жоспарына және білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту тілінде рәсімделеді. Силлабустың құрылымы келесі бөлімдерден тұрады ( А ҚОСЫМШАСЫ).

**6.1 Пән туралы жалпы мағлұмат.**

Бөлімде оқу жұмыс жоспарына сәйкес көрсетілу қажет:

6.1.1 пәннің коды;

6.1.2 пәннің атауы;

6.1.3 реквизитке дейінгі

6.1.4 реквизиттен кейінгі;

6.1.5 пән жататын цикл (жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклі, базалық пәндер (БП) циклі, бейіндеуші пәндер циклі (БнП));

6.1.6 оқу жылы

6.1.7 курсы

6.1.8 семестрі

6.1.9 кредит саны / сағат

6.1.10 компонент түрі (міндетті (МК), жоғары оқу орны (ЖК) немесе таңдау (ТК) бойынша).Мысал:

| **6.1.** | **Пән туралы жалпы мағлұмат** | | |
|---|---|---|---|
| 6.1.1 | Пән коды: BAN 4302-2 (ОЖЖ алынады) | 6.1.6 | Оқу жылы: 2024-2025 |
| 6.1.2 | Пән атауы: Балалар аурулары негіздері-2 | 6.1.7 | Курс: 4 |
| 6.1..3 | Реквизитке дейінгі: Балалар ауруларының пропедевтикасы | 6.1.8 | Семестр: 8 |
| 6.1.4 | Реквизиттен кейінгі: АМСК-гі балалар аурулар негіздері. | 6.1.9 | Кредит саны (ECTS): 5 |
| 6.1.5 | Циклі: БнП (ЖОЖ алынады) | 6.1.10 | Компонент: ЖК |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | (ЖОЖ алынады) |

**6.2 Пәннің мазмұны** пәннің негізгі мазмұнын көрсетіп, қысқаша болуы керек. Бөлімнің көлемі 50 сөзден аспайды.

| **6.2 Пәннің мазмұны (50 сөзден аспайды)** |
|---|

**6.3 Жиынтық бағалау нысаны.** Бұл бөлімде аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) кезеңінде емтихан өткізу нысанын ✓«белгісімен» белгілеу қажет. Тізімде ұсынылғаннан басқа емтихан үлгісін пайдалансаңыз, осы пән бойынша өзіңіздің емтихан үлгіңізді көрсетіңіз.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін бақылаудың (жиынтық бағалаудың) мынадай түрлері пайдаланылады:

6.3.1 *үлгерімді ағымдағы бақылау* – академиялық кезең ішінде (семестр, оқу циклі және т.б.) ОБӨЖ кестесіне сәйкес аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес жекеленген тақырыптар, бөлімдер, модульдер бойынша білім алушылардың білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын жүйелі түрде тексеру;

6.3.2 *аралық бақылау* – бір академиялық кезең ішінде (немесе циклдік оқыту) кемінде екі рет фронтальдық оқыту үшін 7-8 және 14-15-апталарда және циклдік оқыту үшін бөлімдер бойынша өткізілетін бір оқу пәнінің бөлімін (модулін) аяқтағаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау. Аралық бақылау БӨЖ тақырыптық жоспарында жоспарланған және ОБӨЖ-де жүзеге асырылады.

6.3.3 *ағымдық және аралық бақылау* бағалары үлгерімнің Платонус ААЖ электрондық журналына қойылады.

6.3.4 *аралық аттестаттау* – білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттері) деңгейін пәнді оқу аяқталғаннан кейін оқу бағдарламасына сәйкес бағалау рәсімі;

6.3.5 *білім алушыларды қорытынды аттестаттау* – тиісті білім беру деңгейінің МЖМБС-на сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің көлемін және оқу қызметінің өзге де түрлерін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

.

| **6.3** | **Жиынтық бағалау нысаны** | | |
|---|---|---|---|
| 6.3.1 | Тестілеу | 6.3.5 | Курстық |
| 6.3.2 | Жазбаша | 6.3.6 | Эссе |
| 6.3.3 | Ауызша | 6.3.7 | Жоба |
| 6.3.4 | Тәжірибелік дағдыларды бағалау | 6.3.8 | Басқа (көрсету) |

**6.4 Пәннің мақсаттары** пән бойынша оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Тұжырымдау мақсаты қысқа болуы керек.

| **6.4.** | **Пәннің мақсаты** |
|---|---|
| | |

**6.5 Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)**

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және оқытудың қол жеткізілген нәтижелерінде көрсетілген, игерілген дағдыларды көрсетеді.

*ОН* – білім алушы оқу кезеңінің соңында білуі, түсінуі және/немесе жасай алуы тиіс екендігі туралы тұжырым. ОН тиісті біліктілік деңгейіндегі дескрипторларға (Дублин дескрипторларына) сәйкес тұжырымдалады және бейнеленеді.

Дублин дескрипторлары оқытудың бес негізгі нәтижесіне негізделген:

- білу және түсіну;
- тәжірибеде білімі мен түсіну қабілетін қолдану;
- пайымдау, идеяларды бағалау және тұжырым жасауға қабілеттілігі;
- коммуникативтік қабілеттер;
- өз бетінше білім алу қабілеті/дағдылары.

ОН барлық білім беру бағдарламасы деңгейінде де (ОН 12-ден аспау қажет), сондай-ақ жекелеген модульдер немесе оқу пәні деңгейінде де (ОН 12-ден аспау қажет, орта есеппен 4-6) қалыптастырылады.

Пән бойынша ОН әзірлеу кезінде тиісті білім деңгейінің Дублин дескрипторларын және Блум таксономиясын (танымдық саладағы педагогикалық мақсаттардың таксономиясын) пайдалану қажет.

ОН көрінетін, өлшенетін, бағалауға келетін болуы тиіс.

*Жоғары білімнің бірінші деңгейінің дескрипторлары (бакалавриат) білім алушылардың мынадай қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:*

- халық денсаулығын қорғау саласындағы күрделіліктің базалық санаты бойынша озық кәсіби және ғылыми білім мен түсінігін көрсетеді;
- халық денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету үшін тиісті кәсіби салада қолданбалы сипаттағы жаңа білім алады;
- академиялық адалдық қағидаттары мен мәдениетінің маңызын түсінеді;
- күрделіліктің базалық санатындағы қолда бар және жиналған кәсіби ақпаратты талдайды, денсаулық сақтаудың белгілі бір саласын дамытуға қажетті ақпарат көздерін айқындайды;
- ғылыми зерттеу және академиялық жазу дағдыларын қолдана отырып, денсаулық сақтаудың белгілі бір саласын дамыту мақсаттарына қол жеткізудің әдістері мен құралдарын таңдауды негіздейді;
- кәсіби және тұлғалық білім алу мен даму үшін білімін, білігін және дағдыларын пайдаланады.

*Жоғары білімнің екінші деңгейінің дескрипторлары (магистратура)*

*білім алушының қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:*

- денсаулық сақтау саласындағы зерттеу қызметінде қолданбалы сипаттағы жаңа білім мен дағдыларды игереді;
- ғылыми тәсілдер негізінде өз біліктілігі шеңберінде денсаулық сақтау саласындағы мәселелерді шешеді;
- өз біліктілігі шеңберінде денсаулық сақтау саласын дамыту және жаңа тәсілдерді енгізу үшін ғылыми ақпаратты пайдаланады;
- денсаулық сақтау саласындағы өз біліктілік саласының мамандарына да, маман еместерге де ақпаратты, идеяларды, қорытындыларды, проблемалар мен шешімдерді анық әрі бірмәнді жеткізеді;
- кәсіби өсуімен айналысады, өзін-өзі талдау дағдыларын және жоғары білім деңгейінде оқыту тәжірибесін көрсетеді.

*Жоғары білім берудің Еуропалық кеңістігінің біліктіліктер шеңбері (ЖБЕК-БШ) аясындағы үшінші деңгей дескрипторлары (докторантура) білім алушының мынадай қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:*

- өз біліктілігі саласында денсаулық сақтау саласын жүйелі түсінетінін көрсетеді, осы салада қолданылатын зерттеу дағдылары мен әдістерін меңгереді;
- денсаулық сақтау саласының алдыңғы шебіндегі жаңа күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу үшін арнайы білімін қолданады;
- дербес зерттеулер жүргізеді және ғылыми нәтижеге жұмыс істейді, денсаулық сақтау саласында жаңа технологиялардың пайда болуына әкелетін жаңа идеялар мен жобаларды әзірлеуге тұрақты қызығушылық танытады;
- идеялар қалыптастырады, инновациялық қызмет нәтижелерін болжайды, білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуын академиялық және кәсіби контексте ілгерілетуге ықпал етеді;
- өзара байланысты көптеген факторларды қамтитын мәселелерді шешуді талап ететін жаңа жағдайларда еңбек және оқу қызметінде көшбасшылық қасиеттерін, жаңашылдығы мен дербестігін көрсетеді;
- өз құзыреті саласындағы тақырыптар бойынша мәртебесі тең адамдармен, кең кәсіби қауымдастықпен және қоғаммен қарым-қатынас жасайды;
- өзін-өзі талдау дағдыларын, өмір бойы білім алуға ұмтылысын және жоғары әрі жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейінде оқыту тәжірибесін көрсетеді.

*Резидент дәрігерлердің даярлық деңгейіне қойылатын талаптар білім алушылардың мынадай қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелері негізінде айқындалады:*

- пациентті жүргізу: медициналық көмектің барлық деңгейінде дәлелді практика негізінде клиникалық диагноз тұжырымдауға, ем тағайындауға және оның тиімділігін бағалауға қабілетті;
- коммуникация және коллаборация: пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында пациентпен, оның айналасындағы адамдармен және денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті;
- қауіпсіздік және сапа: медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бағалауға және неғұрлым тиімді әдістерді пайдалануға қабілетті;
- қоғамдық денсаулық сақтау: Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдастырушылық және құқықтық өрісі шеңберінде әрекет етуге, өз мамандығы бойынша жұмыс істеуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, ұлт денсаулығын нығайту саясатын іске асыратын кәсіпаралық командалар құрамында жұмыс істеуге қабілетті;
- зерттеу қызметі: барабар зерттеу міндеттерін тұжырымдау, кәсіби әдебиетті сыни бағалау, күнделікті қызметте халықаралық деректер базаларын тиімді пайдалану, зерттеу
тобының жұмысына қатысу қабілеті;
- оқыту және даму: өз бетінше білім алуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа да нысандарына белсенді қатысуға қабілетті.
- *6.5.1-бөлімде* білім алушылар үшін пән бойынша ОН оқу аяқталғаннан кейін білім беру бағдарламасының түлегінде қалыптастырылатын ОН салыстырмалылығын ұсыну қажет (білім беру бағдарламасының ОН).

Білім беру бағдарламасына арналған ОН модульдік білім беру бағдарламаларында әзірленген және ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша ОН білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген.

Жоғары білімнің бірінші деңгейі (бакалавриат) туралы тұжырымдардың мысалы:

| **6.5** | **Пәнді оқытудың соңғы нәтижелері** |
| --- | --- |
| ОН1 | Балалар денсаулығын сақтау саласында кәсіби және ғылыми білімді қолданады.. |

| | | |
|---|---|---|
| ОН2 | Клиникалық, зертханалық және функционалдық зерттеу әдістерінің нәтижелерін балалардағы ең көп таралған ауруларды диагностикалау және емдеу кезеңдерінде түсіндіреді | |
| ОН3 | Балалар жасындағы ең көп таралған аурулардың диагностикалық маңызды белгілері мен синдромдарын анықтайды; | |
| ОН4 | Балалық шақтағы ең көп таралған аурулардың клиникалық диагнозын, клиникалық жағдайға сәйкес балалар жасындағы ең көп таралған ауруларды емдеу принциптерін, бала жасындағы ең көп таралған аурулар кезінде өмірге қауіпті жағдайлары бар пациенттерді анықтайды. | |
| ОН5 | Балалардың кең таралған жұқпалы аурулары кезінде профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралар, командада жұмыс істеу және пікірталас жүргізеді. | |
| 6.5.1 | **Пәннің ОН** | **Пәннің ОН-мен байланысты ББ оқыту нәтижелері** |
| | ОН1, ОН2 | ОН 1 Балаларда жиі кездесетін ауруларды диагностикалау, емдеу және динамикалық бақылау үшін биомедициналық ғылымдарды білетінін және түсінетінін көрсетеді. |
| | ОН 3 | ОН 2 Дәлелді медицина негізінде амбулаториялық жағдайда балаларды қабылдауды, диагностикалауды, емдеуді және динамикалық бақылауды жүргізеді. |
| | ОН 4 | ОН 3 Педиатриялық бейіндегі профилактикалық ұйымдарда дені сау және науқас жаңа туған нәрестелерге динамикалық бақылау жүргізеді, қажетті диагностикалық және емдеу-профилактикалық іс-шараларды жүргізеді. |
| | ОН 5 | ОН 4 Вакциналық профилактиканы, балалар мен жасөспірімдерді сараптауды, оңалту бағдарламаларын іске асырады және бақылайды. |

**6.6 Пән туралы толық ақпарат**

6.1-тармаққа кафедра туралы ақпарат (мекенжайы, байланыс телефоны, электрондық пошта мекенжайы және т.б.) және сабақ өткізілетін клиникалық кафедралардың базалары туралы мәліметтер енгізіледі.

6.2-тармаққа сабақ түрлері бойынша сағат саны туралы ақпарат енгізіледі.

6.6-бөлімді толтыру үлгіс:

| **6.6** | **Пән туралы толық ақпарат** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6.6.1 | Кафедраның орналасқан жері: Шымкент қаласы, «Облыстық балалар клиникалық ауруханасы» МКҚК. Нұрсат шағын ауданы, Арғынбеков көшесі, 125, Телефон 8-7252 (408222), ішкі 2501, Педиатрия-2 кафедрасы, эл.мекен-жайы: pediatrics-2@mail.ru. | | | | | |
| 6.6.2 | Сағат саны: 150 | Дәріс | Тәжір. сабақ | Зерт. сабақ | ОБӨЖ | БӨЖ |
| | | 15 | 35 | - | 30 | 70 |
| 6.6.3 | | *(Бұл пункт ҮИМБ арналған)* | | | | |

| Апта | Пән | Дәріс | Тәжірибелік/зерт. сабақтар/ ТДО | ОБӨЖ | БӨЖ |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

**6.7 Оқытушылар туралы мәліметтер.** Бұл бөлімге пән бойынша сабақ жүргізетін кафедраның барлық оқытушылары туралы мәліметтер енгізілуі тиіс.

| 6.7 | Оқытушылар туралы мәліметтер | | |
|---|---|---|---|
| № | ПОҚ-ның тегі, аты-жөні | Ғылыми дәрежесі мен лауазымы | Электрондық мекен-жайы |
| 1. | | | |
| 2. | | | |

**6.8 Тақырыптық жоспар.** Тақырыптық жоспар семестрдегі әрбір оқу аптасы үшін (сабақ кестесін құрудың циклдік форматы үшін - күн сайын) әрбір сабақ түрі (дәрістік, тәжірбелік/зертханалық, ОБӨЖ) бойынша әзірленеді. Әрбір тақырып үшін «пәннің ОН» бағанында кафедра әзірлеген және «пәннің соңғы Оқыту нәтижелері» деген *6.5-бөлімде* көрсетілген пәннің ОН көрсетіледі. Әрбір пән үшін оқу жұмыс жоспарына сәйкес оқуға арналған сағат саны, оқыту нысандары, әдістері мен технологиялары, сондай-ақ бағалау нысандары мен әдістері көрсетіледі.

Оқытушы білім беру бағдарламасы мен пәннің мазмұнына сәйкес оқыту, бағалау әдістерін, оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу тәсілдері мен нысандарын дербес таңдайды.

Силлабусты әзірлеу кезінде оқыту нысандары, әдістері мен технологиялары, бағалау нысандары мен әдістері пән бойынша соңғы ОН-не қол жеткізуге бағытталуы тиіс екенін ескеру қажет.

Білім алушылардың өзіндік жұмысы (БӨЖ) өз бетінше зерделеуге бөлінген және оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілген тақырыптардың белгіленген тізбесі бойынша ұйымдастырылады. БӨЖ-дің барлық көлемі білім алушының күнделікті өзіндік жұмысын талап ететін тапсырмалармен расталады. БӨЖ орындалуы тестілер, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, эсселер, есептер, ситуациялық есептер, жобалар, ғылыми мақалаларды талдау және т.б. түрінде бақыланады. БӨЖ көлеміне аралық аттестаттауды дайындау және өткізу кіреді. Объективті баға қою мақсатында жарияланған бағалау критерийлері негізінде ОН-ға қол жеткізуді критериалды бағалау қағидаттарын пайдалану қажет.

Білім алушылардың әртүрлі жұмыс түрлерін чек-парақтар арқылы бағалау нысандары «ОҚМА» АҚ сайтында (виртуалды әдістемелік кабинетте) ұсынылған. Силлабустарда тапсырманың әрбір түріне бағалау критерийлері әзірленуі тиіс.

**Қашықтықтан білім беру технологиялары**

Силлабусты әзірлеу кезінде қашықтықтан білім беру технологияларын (ҚБТ) пайдалану мүмкіндігін қарастыру қажет. Бұл жағдайда кейстік

технология (оқу кейстері), интерактивті нысанда оқытуды қамтамасыз ететін, оқытылатын пәндер және/немесе модульдер бойынша дидактикалық материалдар болып табылатын цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) пайдаланылады. ЦБР ретінде фотосуреттер, рентген суреттері, КТ (компьютерлік томография), МРТ (магниттік-резонанстық томография) суреттері, дәрістердің, зертханалық жұмыстардың, практикалық/клиникалық дағдылардың бейнематериалдары, мына технологияны пайдаланып сабақ өткізуге арналған бейнематериалдар қолданылуы мүмкін:

«Стандартталған пациент», виртуалды шындық және интерактивті модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары және өзге де цифрлық оқу материалдары.

Білім алушыларға арналған тапсырмаларда цифрлық контент – цифрлық оқу материалдарының ақпараттық толықтырылуы (мәтіндер, графика, чек-парақтар, кестелер, схемалар, медициналық құжаттама бланкілері, мультимедиа және т.б.) болуы тиіс.

Дидактикалық материалдар пәнді өз бетінше зерделеуді, бейнематериалдарды бірнеше рет көру мүмкіндігін, виртуалды ортаға енуді, талдамалық қабілеттерді дамытуды және т.б. қолдауға бағытталуға тиіс. Контент құрылымдалған, қолжетімді, мөлшерленген және болжамды болуы қажет.

Тапсырмалар мен материалдар алуан түрлі болуы тиіс, бұл ретте меңгерілетін пән көлеміне қарай білім алушылардың оқу жүктемесін (еңбек шығынын) ескеру қажет.

6.8-бөлімді толтыру үлгісі

| **6.8** | **Тақырыптық жоспар** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Апта | **Тақырып атауы** | **Пәннің қысқаша мазмұны** | **Пәннің ОН** | **Сағат саны** | **Оқытудың әдістері /технологиялары** | **Бағалау түрлері/ әдістері** |
| | **Дәріс. Тақырыбы**: Балалардағы зәр шығару жолдарының инфекциясы . Цистит. Пиелонефриттер. | Балалардағы зәр шығаружолдарының инфекциясы. Цистит. Пиелонефриттер. Этиологиясы. Алдын- ала болжайтын факторлар (бүйрек пен зәр шығару жолдарының дамуын-дағы ауытқулар, метаболикалық бұзылу-лар). Патогенезі. Жіктелуі. Клиникасы. Аурудың клиникалық | ОН 1,2,3,4 | 1 | Мәселелік. | Кері байланыс сұрақ-жауап |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | көріністерінің пиелонефрит түріне және баланың жасына тәуелділігі. Диагности-ка. Дифференциалды диагноз. Емі. Болжамы. | | | | |
| | **Тәжірибелік сабақ.** Тақырыбы: Балалардағы зәр шығару жолдарының инфекциясы . Цистит. Пиелонефриттер | Балалардағы зәр шығаружолдарының инфекциясы. Цистит. Пиелонефриттер. Этиологиясы. Алдынала болжайтын факторлар (бүйрек пен зәр шығару жолдарының дамуында-ғы ауытқулар, метабо-ликалық бұзылулар). Патогенезі. Жіктелуі. Клиникасы. Аурудың клиникалық көрініс-терінің пиелонефрит түріне және баланың жасына тәуелділігі. Диагностика. | ОН 1,2,3,4 | 3 | Науқастарды курациялау. Диагностика алгоритмін және емдеу сұлбасын жасау. | Тестілеу. Диагностика мен емдеуді бағалау алгоритмі. |
| | **ОБӨЖ/ БӨЖ** Тақырыбы: Балалардағы созылмалы бүйрек ауруы | Балалардағы созылмалы бүйрек ауруы. Жіктелуі. Диагностикасы. Дифференциалды диагнозы. Емі.КХ: Балалардағы созылмалы бүйрек ауру | ОН 1,2,3,4 | 2 | RBL. Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс. | Ғылыми мақалаларды талдау |
| | *Аралық аттестацияны дайындау және өткізу (пәнге берілген жалпы сағаттың 10%)* | | | | | |

**6.9 Оқыту және бағалау әдістері**

Бөлімде пәнді зерделеу кезінде қолданылуы мүмкін оқыту мен бақылаудың барлық әдістерін көрсету қажет.

Дәрістер лектор цифрлық технологияларды (вебинарлар, бейнеконференциялар) қолдана отырып, нақты уақыт режимінде ұйымдастыратын күндізгі форматта өткізіледі. Оқыту форматына қарамастан, лекторлар пән мазмұны бойынша әртүрлі мультимедиялық технологияларды пайдаланып дәріс материалын көрсететін бейнедәрістер әзірлейді.

Кері байланыс басқа нысандарда да жүргізілуі мүмкін, мысалы, дәріс соңында блиц-сауалнама, блиц-тестілеу және т.б. өткізіледі.

Практикалық сабақтарды дәлелді практика қағидаттарын, заманауи білім беру технологиялары мен жасанды интеллектінің цифрлық құралдарын

тиімді қолдануды негізге ала отырып, интерактивті форматта өткізу ұсынылады.

